

**«Alinur» балабақшасының педагогикалық-
психологиялық кеңес беру пунктінің құжаттары**



Мақсаты: Үй жағдайында тәрбиеленіп отырған мектепке дейінгі жастағы балалардың толыққанды дамуына қолдау көрсету, ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру, баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша әдістемелік және консультациялық көмек көрсету.

Іс-шара	Уақыты	Жауапты
Консультативтік пункттің қызметімен таныстыру. Ата-аналарға кеңес беру тәртібі, мамандардың жұмыс бағыттары және көрсетілетін қызмет түрлері туралы ақпарат беру. «Бала балабақшаға дайын ба?» Баланың балабақшаға психологиялық және әлеуметтік бейімделуіне ата-ананың дайындығы.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер, консультативтік пункт мамандары
«Балаға дұрыс бағыт берейік» Баланың жас ерекшелігіне сай күн тәртібі мен үйдегі тәрбиені ұйымдастыру бойынша кеңес. «Дені сау бала – бақытты бала» Үй жағдайында баланың денсаулығын сақтау, шынықтыру және қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру.	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер
«Ойын – баланың негізгі әрекеті» Үй жағдайында баланың танымдық қабілетін дамытуға арналған ойындар мен қарапайым тапсырмалар.	Желтоқсан	Әдіскер, тәрбиеші
«Балаға жылы сөз – жанға қуат» Баланың эмоционалдық әл-ауқатын қолдау, сенімді қарым-қатынас қалыптастыру жолдары.	Қаңтар	Әдіскер
«Сөйлейік, тыңдайық, түсінейік» Баланың сөздік қорын және байланыстырып сөйлеуін үй	Ақпан	Тәрбиеші, әдіскер

жағдайында дамытуға арналған кеңестер.		
«Қауіпсіз үй – қауіпсіз бала» Үйдегі қауіпсіздік ережелері және баланы қауіпті жағдайлардан сақтандыру.	Наурыз	Тәрбиеші, медбике
«Шығармашылық – баланың еркін әлемі» Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту.	Сәуір	Тәрбиешілер
«Мектепке алғашқы қадам» Баланың мектепке психологиялық, әлеуметтік және танымдық дайындығын қалыптастыру бойынша ата-аналарға кеңес.	Мамыр	Әдіскер
Ата-аналардың жеке сұраныстары бойынша консультациялық жұмыс. Баланың тәрбиесі, дамуы, мінез-құлқы және қарым-қатынасына қатысты жеке кеңес беру.	Жыл бойы	Консультативтік пункт мамандары
«Бір жылдық жұмыс қорытындысы» Консультативтік пункт жұмысының нәтижелерін талдау, ата-аналардың ұсыныстары мен сұраныстарын зерделеу.	Мамыр	Әдіскер, консультативтік пункт мамандары